

Көкшетау қаласындағы тұрақты автомобиль тасымалдауына бірыңғай тарифті белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 4 шілдедегі № А-7/1416 қаулысы. Ақмола облысы Көкшетау қаласы Әділет басқармасында 2011 жылғы 8 шілдеде № 1-1-147 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 4 мамырдағы № А-5/942 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 04.05.2013 № А-5/942 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының «Автомобиль көлігі туралы» Заңының 19 бабының 2 тармағына сәйкес, Көкшетау қалалық мәслихатының 2011 жылғы 1 шілдедегі «Көкшетау қаласындағы тұрақты автомобиль тасымалдауына тарифті келісу туралы» № С-48/6 шешімі негізінде, Көкшетау қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ
Е Т Е Д І :

1. Көкшетау қаласындағы тұрақты автомобиль тасымалдауына тариф барлық маршрутқа бірыңғай белгіленсін, ересектерге 45 (қырық бес) теңге мөлшерінде, 7 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға - 20 (жиырма) теңге.

2. «Көкшетау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары Ж.Т.Естеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

М.Батырханов